**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының**
**«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп - лицейі» КММ**
**жұмысында қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау**
**жүргізу нәтижелері бойынша**

# АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі" КММ (бұдан әрі – №1 МЛ) жұмыс тобы құрамында: директор орынбасары К.М.Бертазина, бухгалтер Е.Н. Самсонова, кәсіподақ комитетінің төрағасы И.В.Алексеева 2021 жылғы қаңтар-наурыз аралығындағы №1 МЛ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 18.11.2015 ж. № 410-V ҚРЗ Заңына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19.10.2016 жылғы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына сәйкес, «2021 жылдың 1-ші тоқсанына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 16.04.2021 жылғы №145 мектеп бойынша бұйрығын орындау барысында жүргізілді.

№1 МЛ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және №1 мектеп-лицейдің Жарғысын басшылыққа алады.

## I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

1. №1 МЛ құрылымы мыналардан тұрады:
1) Әкімшілік;
2) Кадрлық жұмыстар және іс жүргізу;
3) Қаржылық бөлім (бухгалтерия (есеп бөлімі), мемлекеттік сатып алу);
4) Оқу-тәрбие бөлімі және цифрландыру;
5) Техникалық-шаруашылық бөлім.

2. №1 МЛ қызметіне талдау жасау барысында нормативтік - құқықтық актілер мен құқықтық актілер нормаларында сәйкессіздік болған жоқ.

## II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

**1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.**

№ 1 МЛ штаттық кестесі 01.09.2020 жылғы № 182 мектеп бойынша бұйрықпен бекітілген, мектептің интернет-порталында орналастырылған. Талдау жүргізу кезінде мектеп қызметкерлерінің нақты саны 169 адамды құрайды, оның ішінде декреттік демалыста - 11 адам, қосымша жұмыс жасайтын қызметкерлер - 6 адам.

Талдау жасау аралығында ҚР Еңбек кодексінің 56-бабының 1-тармағы бойынша 1 қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылды.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер жоқ.

Осылайша, 2021 жылғы қаңтар-наурыз аралығында таза ауысымдылық 0,6% құрайды.

Ауысымдылық бөлігінде «Командалық орын ауыстырулар» анықталған жоқ.

2021 жылдың қаңтар-наурыз айларында 0 қызметкер қабылданды.

**2. Мүдделер қақтығысы**

№1 МЛ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу барысында даулы мүдделер жоқ.

**3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету**

Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша қызметтер:

1. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау».
2. «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау».
3. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау.
4. «Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»
5. «Денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім мекемелеріне ұзақ уақыт аралығында қатыса алмайтын балаларға үйде жеке тегін білім беруді ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау».
6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау».
7. «Жалпы білім беретін мектепте арнайы категориялы оқушылар мен тәрбиеленушілерге тегін тамақты ұсынуға арналған құжаттарды қабылдау».
8. «Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалысты ұсыну үшін құжаттарды қабылдау».

2. Мемлекеттік қызметтер бойынша анықталған артық құжаттар (мекенжай анықтамасы, ата-ананың жеке куәлігі, жұмыс орнынан анықтама және т.б.) жоқ.

**4. № 1 мектеп-лицейге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.**

№1 мектеп-лицейінде азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 13 қаңтардағы №221 Заңына сәйкес жүргізіледі.

Осы бағыт бойынша жұмыстың жай-күйіне, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарауды қамтамасыз етуге талдау жүргізілді, өтініштерді белгіленген мерзімде бұза отырып қарауға жол бермеуге бақылауды арттыру бойынша шаралар қабылдануда.

2021 жылғы қаңтар-наурыз айларында азаматтардың өтініштері ауызша 0 және жазбаша 2. Жауаптар уақытылы берілді. 2021 жылдың қаңтар-наурыз айларында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын орындауға байланысты №1 МЛ басшылығы мен қызметкерлерінің әрекеттеріне азаматтардың ауызша және жазбаша өтініштері түскен жоқ.

**5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар**

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде №1 мектеп-лицейінде тоқсан сайын педагогикалық ұжым, техникалық қызметкерлер, ата-аналар қоғамдастығы мен оқушыларға арналған дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізіліп отырады.

**6. Мемлекеттік сатып алулар**

№1 МЛ сайтында оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі туралы арнайы бөлімнің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Білім беру ұйымының бюджеті жыл сайын мектеп сайтында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық шарттар «Мемлекеттік сатып алулар туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалды. Қазіргі таңда барлығы 35 (отыз бес) шарт жасалды.

**7. Қорытынды**

Талданған аралықта қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Қосымша: аналитикалық анықтамалар **15** бетте.

**Жұмыс тобы:**
директордың орынбасары (Т.А.Ә.)__________________ К.М.Бертазина
бухгалтер (Т.А.Ә.) ______________________________ Е.Н.Самсонова
кәсіподақ комитетінің төрағасы (Т.А.Ә.)_______________ И.В.Алексеева

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының**
**«Қостанай қаласы білім бөлімінің**
**№1 мектеп - лицейі» КММ директоры** ________________ **С.С.Шарипова**